



Авторлық



Авторлық құқықтың тарихы


Қазақстан Республикасы көп жылдар бойы Ресейдің құрамында және 1991 жылдың 16 желтоқсанына дейін КСРО-ның құрамында болды. Өз кезегінде ҚР Ресей империясы мен КСРО-ның құқықтарын 1991 жылға дейін қолданып келді. 1996 жылың 10 маусымында “Авторлық құқық пен сабақтас құқық” туралы заң қабылданды. Бұл заң Берн Конвенциясының талаптарына сәйкес келеді. 2015 жылы Осы заңға өзгерістер енгізілді.

Канаданың алғашқы авторлық құқық туралы заңы 1921 жылы қабылданып, 1924 жылы күшіне енді. Бұл заң Берн Конвенциясының талаптарын сақтайды. Бұл заң көп жылдар бойы өзгеріссіз келгенімен, ақпараттық техникалардың дамуының нәтижесінде бірқатар өзгерістер енгізілді.



Авторлық құқық — программалық бұйымды әзірлеуге қатысты автордың құқықтық жағдайын анықтайтын заң шығаратын нормалар жиынтығы.

Авторлық құқық ғылым, әдебиет, өнер шығармаларын шығару және пайдалануға байланысты қатынасты реттейтін азаматтық құқық тарауы; ол ұлттық құқық пен авторлық құқықты қорғау жөніндегі халықаралық конвенциялармен реттеледі



Ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын қасаумен және пайдаланумен (басып шығару, қолдану және т.б.) байланысты қатынастарды реттейтін азаматтық құқық бөлімі. Авторлық құқықты қорғау жөніндегі ұлттық құқықпен кәсіптік және халықаралық конвенциялармен реттеледі. Құқықты қалпына келтіру, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу туралы талап арыздың көмегімен, ұзылған құқықтарды қорғау, сотта істі қарау тәртібімен жүзеге асырылады. ^[3]

Авторлық құқықтың Канада мен ҚР қорғалуы

- “Канаданың авторлық құқығы туралы” заңмен қорғалады. (1924ж.)
- “Авторлық және сабақтас құқықтар туралы” заңмен қорғалады. (1996ж.)

Авторлық құқықты қорғау сұрақтарымен Қазақстанның авторлық қоғамы және Қазақстанның авторлары мен орындаушылар қауымдастығы айналысады.



Авторлық құқық туралы заңға билік федералды парламентке тиесілі.

Канададағы 1988,1997 жылғы реформалар

1977 жылы тұтынушық және ұжымдық істер бойынша Канада департаменті “ Канада авторлық құқығын қайта қарауды” ұсынды. 1984 жылы федералды үкімет “Авторлық құқық туралы ақ қағаз” атты құжатты жариялады, ал 1985 жылы Қауымдар палатасының байланыс және мәдениет комитеті “Авторлық құқық хартиясын” жариялады. Реформаны жүргізу екі фазадан тұрды:

- 1988 жылы авторлық құқық туралы 1922 жылғы заңына бірнеше өзгерістер енгізілді. Компьютерлік бағдарламалар авторлық құқық шегінде қорғалатын шығармалар деп танылды. Моральдық құқықтардың дәрежесі расталып, музыкалық шығармалардың ойнатылуын мәжбүрлі лицензиялаудан босатуды қарастырды.
- Реформаның екінші фазасы 1997 жылы Канаданың авторлық құқығы туралы заңына өзгерістер енгізілгеннен кейін қабылданды. Авторлық құқыққа жаңа өзгерістер коммерциялық емес кітапхана, музей мүгедек адамдарға және т.б. қатысты болды. Авторлық құқықпен қорғалатын нақты жағдайларға байланысты автордың рұқсатынсыз шығармаларды көшіре алады. Авторлық құқықты бұзуға байланысты айыппұлдардың мөлшері өсті.


Авторлық құқыққа өзгертулер енгізу бойынша заңжобалары

- С-60 Заңжобасы
- С-61 Заңжобасы
- С-32 Билль
- С-11 Заңжобасы
- 2012ж Канаданыі Жоғарғы сотының шешімі

С-60 Заңжобасы

2005 жылдың маусым айында мемлекет Авторлық құқыққа байланысты заңға С-60 заңнамасын толықтырулармен енгізді. С-60 заңжобасы мүліктік емес фотосуреттерге байланысты құқықтарды қорғау туралы қарастырды. Бірақ бұл заңнама күшіне енбеді, себебі парламент 2005 жылдың қараша айында таратылды

C-61



2008 жылдың жаз айында билік Авторлық құқық туралы заңды жаңарту үшін C-61 заңжобасын құрды. Бірақ бұл заңжобасы да сынға ұшырап, қабылданбады.

C-32


2010 жылдың 2 маусымында өндіріс федерал министрі Тони Клементпен Билль C-32 заңжобасы ұсынылды. Бұл Авторлық құқыққа өзгертулер енгізу туралы заң деп аталды. Бұл заңжобасы басты мәселе ретінде құқықтық қорғауды басшылыққа алған. Осы заңжоба да сынға ұшырап, парламенттің 2011 жылы сәуірде тарауына байланысты күшіне енбеді.

C-11

2011 жылдың 29 қыркүйегі күні қысқа атаумен авторлық құқықты жаңарту туралы заң C-11 канадалық парламентке 41-ші федералды өндіріс министрі Кристиан Парадимен ұсынылды. Бұл заңжобасы Билль C-32-ге өте жақын болды. Парламенттің оппозициясы бұл жобаны қабылдауға қарсылық білдірді. Себебі, олар цифрлық кодтарды заңды түрде де бұзбауды қолдамады. 2012 жылдың 18 маусым күні заңжобасы үшінші және шешуші қаралудан өтіп, консерваторлар, либералды оппозиция мен парламент мүшелерінің бірауызды келісімімен қолдау тапты. Бұл заңжоба Патшалық санкцияны 2012 жылдың 29 маусымында алды.

Авторлық құқықты жаңарту туралы заңның басты қабылданған ережелері

- эфирде жазуды, алынған көшірмелердің пішімін өзгертуді қоса алғанда, жеке мақсаттар үшін көшіруді заңдастыру мүмкіндігі (кодтау, сандық көшірмелерді жасау және т.б); жұмыстарды тегін пайдалану принципін кеңейту.
- Туындыларды еркін қолдану туралы қағиданың кеңейтілуі. Заң қабылданғаннан кейін туындылар оқу, зерттеу ақпарат алу мақсатында, сатиралық туындылар шығару үшін, ремикстер жасау үшін ыңғайлы болды.
- Авторлық құқықты рұқсатсыз қолданғандығы үшін штраф елеулі мөлшерде көбейді. Әр бір заңбұзушылық орын алған жағдайда соттың шешімімен 500-200000доллорға деін айыппұл қарастырылады.



Қоғам игілігі болып саналатын жұмыстар әр түрлі себептермен авторлық құқықпен қорғалмайды. Мысалы: қорғалу уақыты аяқталғанына немесе авторлық құқықпен қорғалуға жатпайды деп танылса. Қоғам игілігі болып табылатын шығармалар кез келген адаммен қолданылып, көшіре алады және бұл үшін авторлық құқықты бұзу бойынша жауапкершілік туындамайды.

АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

Канаданың авторлық құқығы авторларға шығарманы құру мен қайта құру үшін айрықша құқықтар береді:

Жұмысты егер ол бұрын шығарылмас а жарыққа шығару;

Кез келген аударманы басып шығару, жариялауға;

Драмалық шығармаларды кейін роман ретінде қарастыруға;

Әдебиет, драма және музыкалық шығармаларға кез келген аудиожазба мен фильмдер жасауға;

- Бұл заң сонымен қоса “әдеби, драмалық, музыкалық және көркем” шығармаларды да қорғайды.

Музыкалық жазбалар



Канадада музыкалық дыбысты жеке қолданыс үшін көшіру жазалануға жатпайды.

Суретшінің авторлық шығармашылығы, фотосуреттер, портреттер және жұмыс барысында жасалған туындыларды қоспағанда, көп жағдайда суретшінің өзіне тиесілі болады. Сонымен қатар, бұл құқықтар лицензия арқылы немесе атына аудару арқылы иелікте бола алады. Суретшінің моральдық құқықтары авторлық құқықтағыдай маңызды және өмір бойы сақталады.



Шетелдік туындылар

Авторлық құқық туралы заңның 5-ші тармағында авторлық құқықты қорғау барлық азаматтар мен резиденттерге және Берн Конвенциясына сәйкес корпорацияларға таралады деп көрсетілген. Сол себептен заң өндіріс министріне бұл құқықтар басқа елдерге де қатысты екендігін көрсетеді.

**Тең авторлар жасаған туындыға
авторлық құқық өмір бойы және басқа
тең авторлардан ұзақ өмір сүрген ең
соңғы автор қайтыс болғаннан кейін
жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.**

Белгісіз және анонимді авторлар Канадада

Автордың жеке басы белгісіз болған жағдайда туынды шығарылып, жарияланған кезден бастап авторлық құқық 50 жыл немесе құрылған кезінен бастап 75 жылға дейін сақталады.

Белгісіз және анонимді авторлар Қазақстан Республикасында

Жасырын немесе бүркеншек атпен жарияланған туындыға авторлық құқы ол туынды заңды түрде жарияланған күннен кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Егер аталған мерзім ішінде жасырын немесе бүркеншек атпен шығарылған туындының авторы өзінің шын есімін немесе оның кім екені ендігі жерде күмән туғызбаса, ҚР авторлық құқық туралы заңнамасымен реттеледі.

Орындағандар: Мүсрепбекова А.

Ержанова Ұ.

Бекенов Р.

Тексерген: Үмбетбаева Ж. Б.